

**САПА МЕНЕДЖМЕНТІНІҢ ЖҮЙЕСІ,
ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МЕНЕДЖМЕНТІ,
ДЕНСАУЛЫҚТЫ САҚТАУ ЖӘНЕ ЕҢБЕК ҚАУІПСІЗДІГІН
ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ МЕНЕДЖМЕНТІ МЕН
ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ МЕНЕДЖМЕНТ САЛАСЫНДАҒЫ
«ҚАЗАҚСТАН ЭЛЕКТРОЛИЗ ЗАУЫТЫ» АҚ САЯСАТЫ**





Біздің мақсатымыз – жоғары сапалы өнім: бастапқы алюминийді жасау, мердігер ұйымдар мен келушілер, жұмыскерлердің еңбегін қауіпсіз және салауатты еңбек жағдайларын қамтамасыз ету бойынша қоғам алдында өз жауапкершіліктерін жүзеге асыру, сонымен қатар өзіміздің қызметімізді жүзеге асыратын аймақтың қолайлы қоршаған ортасын сақтау мен табиғи және энергетикалық ресурстарды тиімді пайдалану.

Біздің Саясатымыз келесі қағидаларға негізделген:

- ◆ біз келісім берген заңнамалық, нормативтік, ішкі және корпоративтік талаптары мен басқа талаптарын ұстану;
- ◆ тұтынушылардың қанағаттануын арттыру үшін олардың талаптары мен болжалына, сонымен қатар өзге мүдделі тараптардың талаптары мен болжалына өндірісті бағыттау;
- ◆ сапа саласындағы көрсеткіштерін, энергетикалық сипаттамаларды, қызметтің экологиялық көрсеткіштерін, денсаулықты сақтау және еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы қызметтің көрсеткіштерін жақсарту бойынша, қоршаған ортаның ластануын, авариялық, штаттық емес оқиғалардың алдын алуы бойынша, жұмыспен байланысты жарақаттардың және денсаулық жағдайының нашарлауының алдын алу үшін денсаулық үшін қауіпсіз және қолайлы жағдайды қамтамасыз ету бойынша, денсаулық сақтау және еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласында қауіп-қатерлерді жою және тәуекелдерді төмендету бойынша жұмыс;
- ◆ қызметкерлермен консультациялар жүргізу және олар бар жерде олардың өкілдерінің денсаулық сақтау және еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі қызметке қатысуын қамтамасыз ету;
- ◆ сапа менеджментінің жүйесі, экологиялық менеджментінің жүйесі, денсаулықты сақтау және еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету менеджментінің жүйесі мен энергетикалық менеджментінің жүйесін тұрақты жақсарту.

Саясаттың қағидаларын жүзеге асыру үшін қызметтің негізгі бағыттары белгіленген:

- ◆ оқыту мен ынталандыру арқылы қойылған міндеттерді шешуде қызметкерлер құрамын тарту, денсаулықты сақтау және еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету, қоршаған ортаны қорғау, сапалы өнімді шығару, энергоүнемділік пен энергетикалық тиімділікті арттыру саласындағы олардың міндеттерін барлық қызметкерлермен түсінуді қамтамасыз ету;
- ◆ шикізатты, материалдар мен энергетикалық ресурстарды басқару;
- ◆ энергоүнемді материалдарды, қызметтер мен жабдықты сатып алу және пайдалану;
- ◆ энергетикалық сипаттамалардың жақсартылуын есепке алатын жобалау қызметін жүзеге асыру;
- ◆ қауіпсіз еңбек жағдайларын жасау;
- ◆ коммуникация мен есептілік арқылы ашық әрі анық екіжақты байланысты жүзеге асыра отырып, мүдделі тараптармен өзара қарым-қатынас жасау;
- ◆ денсаулықты сақтау мен еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету, қоршаған ортаны қорғау саласында үздік тәжірибелерді енгізу;
- ◆ денсаулықты сақтау мен еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету, қоршаған ортаны қорғау, энергоүнемділік пен энерготиімділікті арттыру саласындағы жақсарту үшін есеп берушілікті қамтамасыз ету;
- ◆ тұрақты аудиттер мен жеткен нәтижелерді талдау арқылы менеджмент жүйелерін анық бағалауды жүзеге асыру;
- ◆ денсаулықты сақтау мен еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету, қоршаған ортаны қорғау мәселелерінде жұмыскерлердің тиімді қатысуын ынталандыру, қызметкерлердің құзіреттілігін, мердігерлік ұйымдар мен мүдделі тараптардың хабардарлығын арттыру;
- ◆ тиісті мақсаттарды белгілеу және оларға жетуді қадағалау;
- ◆ осы Саясаттың енгізілуіне мониторинг өткізу.



«Қазақстан электролиз зауыты» АҚ басшылығы осы Саясатты әрбір жұмыскерге жеткізу және оны іске асыру үшін қажетті ресурстармен қамтамасыз ету, стратегиялық даму бағыттарын қолдай отырып, Саясаттың ұйым ниеті мен көлемдеріне, ол қызмет жасап отырған жағдайларға, және денсаулық сақтау мен еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы оның тәуекелдері мен мүмкіндіктеріне тән сипаттамаларына сәйкестігі бойынша міндеттемелерді өзіне жүктейді.

**«Қазақстан электролиз зауыты» АҚ
Бас директор**

**А.А. Батраченко
17 ақпан 2023ж.**

